**«6D020600 – Дінтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Алдиярова Жанат Есенкелдіқызының «Малайзиядағы мемлекет – конфессионалдық қатынастарының эволюциясы және оның ерекшеліктері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің**

**СЫН-ПІКІРІ**

| р/н № | Өлшемшарттар | Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу) | Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету) |
|---|---|---|---|
| 1 | Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы | 1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: | Диссертация жұмысының тақырыбы еліміздегі ғылымның даму басымдықтарының ішінен – 7.Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулерге және арнайы мамандандырылған бағыттардың ішінен – 7.2 Гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі, қолданбалы, пәнаралық зерттеулерге жатады. |
| | | 1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету);<br>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету);<br>3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен | «8D02202-Дінтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін мемлекет бюджетінен қаржыландырылған докторантура аясында әзірленген диссертация жұмысы. Диссертация нақты мемлекеттік бағдарлама аясында орындалмаған. Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен еліміздегі ғылым дамуының 7. Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулер басымдығына сай келеді. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді. | |
| 2 | Ғылым үшін маңыздылығы | Жұмыс ғылымға **елеулі үлесін қосады**/қоспайды, ал оның маңыздылығы **ашылған**/ашылмаған. | Зерттеу жұмысы қазіргі таңдағы дінтану ғылымына өзіндік үлес қосады. Өйткені зерттеу жұмысында Малайзия мемлекетінің мемлекет – конфессионалдық қатынастырының эволюциясы мен ерекшеліктері жан-жақты талданған. Малай сұлтандығы кезеңінен бастап, Малайя және Малайзия мемлекеті секілді саяси құрылымға айналу тарихын зерделей отырып, оның күрделі діни-конфессионалдық саясатын талдап шыққан. Әрі Малайзияның дін-мемлекет қатынасын Қазақстанмен салыстыра отырып, екі елдің зайырлылық моделіне қатысты талдау жасалған. Конституциялық құрылымы, мемлекеттің дін саясаты, діни білім беру мен ұлттық және діни бірегейлік мәселелері екі елдің зайырлы сипатын анықтайтын факторлар ретінде тұжырымдалған. Сол себепті, зерттеу жұмысы ұсынатын нәтижелердің ғылым үшін маңыздылығы өте жоғары. |
| 3 | Өзі жазу принципі | Өзі жазу деңгейі:<br>1) **жоғары**;<br>2) орташа;<br>3) төмен;<br>4) өзі жазбаған. | Диссертация жұмысының өзі жазу деңгейі жоғары деп айтуға болады. Ғылыми еңбектен автордың өзіндік баяндау стилі бар екені анық байқалады. Диссертация тақырыбы бойынша жарияланған ғылыми мақалалар мен диссертация жұмысы бір қолдан шыққан, біртұтас жұмыс екені көрініп тұр. |
| 4 | Ішкі бірлік принципі | 4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:<br>1) **негізделген**; | Диссертация тақырыбының өзектілігі нақты сипатталған. Диссертация өзектілігі ғылымның даму деңгейі мен қоғам сұранысына байланысты |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | 2) ішінара негізделген; | негізделген. |
| | | 3) негізделмеген. | |
| | | 4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: | Диссертация мазмұны диссертацияның «Малайзиядағы мемлекет – конфессионалдық қатынастарының эволюциясы және оның ерекшеліктері» атты тақырыбына толық сәйкес келеді. Диссертация мазмұны «Малай мемлекеттілігінің қалыптасып дамуындағы діннің орны мен рөлі», «Қазақстан Республикасы мен Малайзия Федерациясындағы мемлекет пен дін қатынастарының өзіндік ерекшеліктері мен перспективалары» атты екі тарауда барынша толық зерттеліп, жүйелі түрде талданған. |
| | | 1) **айқындайды**; | |
| | | 2) ішінара айқындайды; | |
| | | 3) айқындамайды. | |
| | | 4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: | Диссертацияның мақсаты мен міндеттері зерттеу тақырыбына толықтай сәйкес келеді. Мақсаты - Малайзиядағы мемлекет пен конфессияаралық қатынастардың тарихи дамуын дінтанулық тұрғыдан талдай отырып, Малайзияның саяси-экономикалық және мәдени-әлеуметтік модернизация үдерісіндегі діни-этникалық факторлардың және діни ұйымдар мен институттардың рөлін кешенді зерттеу жасаған. Мақсатқа жету үшін дәйекті міндеттерді диссертацияның мазмұнында орындау арқылы қамтамасыз етіледі. |
| | | 1) **сәйкес келеді**; | |
| | | 2) ішінара сәйкес келеді; | |
| | | 3) сәйкес келмейді. | |
| | | 4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан: | Диссертациялық жұмыс 2 тараудан, алты бөлімшеден тұрады. Бірінші тарауда отарлық кезеңдегі Малайя елінің мәдени-әлеуметтік, этно-діни жағдайы жан-жақты зерттеліп, Малазияның |
| | | 1) **толық байланысқан**; | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | 2) ішінара байланысқан; | мемлекеттік және діни институттарының ел тәуелсіздігі мен тұрақтылығын қамтамасыз етудегі орны мен қызметтері айқындалып, қазіргі Малайзия мемлекетінің дін және конфессияаралық қатынастар саласындағы саясатына кешенді талдау жасалған. Ал, екінші тарауда Қазақстан мен малай қоғамының ұлттық бірегейлігін нығайтудағы дін және дәстүр құндылықтарының рөлі қарастырылып, Қазақстан мен Малайзиядағы саяси-экономикалық, мәдени-әлеуметтік қарым-қатынас тенденцияларына салыстырмалы талдау жасалып, Қазақстан мен Малайзиядағы дін және мемлекет қатынастарының өзіндік сипаты мен ерекшеліктеріне компаративистикалық әдіснамасы арқылы дінтанулық талдау жасалады. Диссертацияның барлық бөлімі мен құрылымында логикалық байланыс толық сақталған, бірін-бірі ашып, толықтырады. |
| | | 3) байланыс жоқ. | |
| | | 4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: | Диссертация жазу кезінде автор ұсынған ғылыми жаңалықтар жеткілікті дәйектеліп, оған дейінгі ғылыми шешімдермен салыстырмалы түрде талданып, өзіндік ғылыми бағыт, өзіндік көзқарас нақтыланып көрсетілген. Жалпы дінтану ғылымына қатысты шетелдік және отандық ғалымдардың көзқарастарын салыстырумен ғана шектелмей, олардың тұжырымдарының практикалық мәнінің аздығын атап өтеді, олардың жүзеге аспау себептерінің нақты көрсету арқылы сыни тұжырымдар береді. |
| | | 1) **сыни талдау бар**; | |
| | | 2) талдау ішінара жүргізілген; | |
| | | 3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген; | |
| | | 4) талдау жоқ. | |
| 5 | Ғылыми жаңашылдық принципі | 5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма? | Диссертациялық жұмыста ұсынылған ғылыми нәтижелерге толығымен жаңа деп баға берілді. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | **1) толығымен жаңа;**<br>**2**) ішінара жаңа (25-75% жаңа);<br>3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем). | Себебі, Малайзия Конституциясы зайырлы сипатта болғанымен, Федерацияның жергілікті жерлерінде шариғат соттарының қатар жұмыс істеуі, Малайзия қоғамының тарихи тұрғыда көпконфессиялық құрамының қалыптасуы, исламды малай ұлтының діни және ұлттық бірегейлігінің негізі ретінде қарастыруы секілді ерекшеліктерін қарастыра отырып, аталмыш моделдің ерекшеліктерін кешенді талдап шыққан. Мұнысы жаңа тұжырым. Сондай-ақ малай қоғамындағы тұрақтылық пен конфессияаралық келісімнің сақталуын жан-жақты зерделей отырып, діни білім берудің жай-күйімен әрі әлеуметтік-экономикалық саясатпен, халал индустриясы, ислам банкингі секілді процестерді де қарастыра отырып тұжырым жасауы – зерттеу жұмысының мазмұнын тереңдеткен. Ғылыми еңбектердің статистикалық мәліметтер базасымен бірге қолдануы жаңа нәтижелерге қол жеткізуіне мүмкіндік берген. Сол себепті, зерттеудің ғылыми нәтижелерін толығымен жаңа деп бағалауға болады. |
| | | 5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма?<br>1) толығымен жаңа;<br>2) **ішінара жаңа (25-75% жаңа);**<br>3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем). | Толығымен жаңа болмағанымен, бір қатар жаңалықтарға ие. Отандық дінтану ғылымында зайырлылық ұстанымының даму тарихы, түрлі формалары жайында біршама зерттеулер бар. Дегенмен бұл күрделі әлеуметтік-саяси құбылысты Малайзия контексті мен тәжірибесі аясында зерделеуі отандық дінтану саласында жаңалық екені даусыз. Қолданылған әдіснама, ғылыми тұжырымдар, тақырыпты жан-жақты зерделеуі әрі |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | Қазақстанмен салыстыруы да бұл ойымызды дәйектей түседі. |
| | | 5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?<br>1) толығымен жаңа;<br>2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);<br>3) **жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).** | Диссертация жұмысының тақырыбы әлеуметтік гуманитарлық ғылым бағытында орындалған. Техникалық, технологиялық, экономикалық салаларға тікелей қатысы жоқ, сондықтан толық жаңа деп есептеуге болады. Ізденушінің ғылыми нәтижелері мен қорытындыларында еліміздегі дін саласындағы уәкілетті орган қызметкерлеріне діни саланы реттеу барысында ақпараттық, нұсқаулық материалдар ретінде қолданылуына жарамды. Диссертацияның мазмұнындағы теориялық негіздер дінтануға қатысты әртүрлі зерттеулерде ғылыми білім ресурсы ретінде қажеттігі жұмыстың қолданбалы маңызын дәлелдейді. |
| 6 | Негізгі қорытындылардың негізділігі | Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды **дәлелдемелерде негізделген**/негізделмеген (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін). | Диссертация жұмысының әр тарауында маңызды қорытындылар жасалған әрі тараушалардың бөлімдерінің соңында да талдаулар негізінде ғылыми тұжырымдар берілген. Барлық қорытындылардың ғылыми дәлелдері жеткілікті негізделген. |
| 7 | Қорғауға шығарылған негізгі ережелер | Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет:<br>7.1 Ереже дәлелденді ме?<br>1) **дәлелденді;**<br>2) шамамен дәлелденді;<br>3) шамамен дәлелденбеді; | 7.1 Диссертация жұмысында зерттеуші айқындаған әр қағидат жеткілікті деңгейде дәлелденген.<br>7.2 Әр қағидат тривиалды емес саналады. Ізденуші қағидаттарды ерекше өзіндік тәсілмен, жан-жақты қарастырып, ұсынған.<br>7.3 Жаңалықтары жеткілікті деңгейде көрініс |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | 4) дәлелденбеді;<br>5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.<br>7.2 Тривиалды ма?<br>1) иә;<br>2) **жоқ;**<br>3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес.<br>7.3 Жаңа ма?<br>1) **иә;**<br>2) жоқ;<br>3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес.<br>7.4 Қолдану деңгейі:<br>1) тар;<br>2) орташа;<br>3) **кең**<br>4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес.<br>7.5 Мақалада дәлелденген бе?<br>1) **иә;**<br>2) жоқ<br>3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. | тапқан. Малайзияның өзіндік зайырлылық моделі Қазақстанның зайырлылық ұстанымымен салыстырыла зерттелген. Зайырылылықтың Қазақстандық моделіне қажетті тұжырымдар ұсынуымен құнды. Екі елдің тарихи тәжірибесін негізге ала отырып айырмашылықтар мен ортақ тұстардың ғылыми тұжырымын ұсына алған «әрі оны ғылыми-теориялық сипатта дәйектеп шыға алған.<br>7.4 Қолдану деңгейі кең. Диссертацияның ғылыми нәтижелерін әлеуметтік-гуманитарлық ғылым саласында, дін саласындағы уәкілетті орган қызметкерлеріне діни саланы реттеу барысында ақпараттық, нұсқаулық материалдар ретінде қолданылады. Диссертацияның мазмұнындағы теориялық негіздер, дінтану және исламтану саласында студенттердің, магистранттардың, докоранттардың дін мен мемлекет қатынасына қатысты фундаменталды білімін кеңейту мақсатында лекциялық курстарға теориялық материалдар ретінде қолдануға болады. Сондай-ақ көпконфессиялы әрі көпұлтты ел ретінде Қазақстанның зайырлылық ұстанымын айқындау ісінде басқа елдің зайырлылық моделін зерттегендіктен маңызды прагматикалық тұжырымдар ұсынуымен құнды әрі жаңа шешімдер ұсынады.<br>7.5 Диссертацияда көрсетілген қағидаттар талапқа сәйкес ғылыми жарияланымдар ауқымында дәлелденген. |
| 8 | Дәйектілік қағидаты. | 8.1 Әдіснаманы таңдау – | Иә, негізделген және нақты жазылған. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | негізделген немесе әдіснама нақты жазылған: | Диссертацияның артықшылығы - әртүрлілік, зерттеу үшін таңдалған әдістердің орындылығы. Барша қолданылатын әдістер жеткілікті егжей-тегжейлі сипатталған. Қолданылған тәсілдер, олардың зерттеу үшін маңыздылығы толыққанды көрсетілген. |
| | Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі | 1) **иә;** | |
| | | 2) жоқ. | |
| | | 8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: | Диссертация жұмысының нәтижелері статистикалық мәліметтер базасы мен ғылыми-теориялық әдебиеттерді диссертацияның мақсаты мен міндеттеріне сай қолданған. Деректерді өңдеуі мен интерпретациялауы қазіргі дінтану ғылымындағы маңызды әдіснамалар негізінде іске асырылған. |
| | | 1) **иә;** | |
| | | 2) жоқ. | |
| | | 8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): | Диссертацияда автордың теориялық және практикалық тұжырымдары мен ұсыныстарының нақты расталуы зерттеудің ғылыми жаңалығын сипаттайтын бөлімде көрсетілген. Диссертациялық жұмыс Малайзияның зайырлылық үлгісі мен мемлекет-конфессияаралық қатынасын өз контекстінде зерделей отырып, Қазақстанның дін-мемлекет қатынасына байланысты теориялық және практикалық маңызы зор тұжырымдар ұсынуымен құнды. Теориялық қорытындылар мен анықталған өзара байланыстар ғылыми зерттеулер арқылы дәлелденіп, расталған. Статистикалық мәліметтер барынша прагматикалық ұстанымдар қалыптастырудың негізгі іргетасы ретінде қарастырылған. |
| | | 1) иә; | |
| | | 2) **жоқ.** | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | 8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған. | Диссертацияда шетелдік және отандық авторлардың еңбектері кеңінен қолданылған. Жалпы, жұмыста айтылған әр мәселе бойынша ғалымдар мен авторларға сілтеме берілген және де олардың барлығы мазмұндарына сәйкес нақтыланған. |
| | | 8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға **жеткілікті**/жеткіліксіз. | Жұмыста 122 ғылыми әдебиетке сілтеме жасалған. Барлық еңбек тақырыпта көтерілген мәселелерге қатысты. Ізденуші тақырыптың зерттелу деңгейін әр сала бойынша толық негіздеген. |
| 9 | Практикалық құндылық қағидаты | 9.1 Диссертацияның теориялық маңызы: | Диссертацияның теориялық маңызын жоғары деп бағалаймын. Өйткені зерттеу жұмысы Малайзиядағы мемлекет-конфессионалдық қатынастардың құқықтық, институционалдық және мәдени-әлеуметтік ерекшеліктерін жүйелі түрде талдай отырып, конфессияаралық өзара ықпалдастықтың жаңа үлгісін теориялық тұрғыдан негіздейді. Зерттеу нәтижелері зайырлылықтың аймақтық моделін түсіндіруде, діни плюрализм жағдайында мемлекеттің реттеушілік рөлін айқындауда, сонымен қатар исламдық құқықтық дәстүр мен азаматтық құқық жүйесінің өзара ықпалдасу механизмдерін талдауда ғылыми тұрғыдан маңызды жаңа деректер береді. Бұл тұжырымдар діни саясат, компаративистік құқық, мемлекеттік-конфессиялық қатынастар және әлеуметтік философия салаларындағы теориялық базаны кеңейтуге өз үлесін қосады |
| | | 1) **бар;** | |
| | | 2) жоқ. | |
| | | 9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді | Иә, диссертацияның практикалық маңызы жоғары деп есептеймін, өйткені зерттеу барысында алынған нәтижелер мемлекет-конфессиялық |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:<br>1) **иә;**<br>2) жоқ. | қатынастарды реттеу саласындағы ұлттық саясаттарды жетілдіруде, нормативтік-құқықтық актілерді салыстырмалы талдау негізінде сараптамалық ұсынымдар әзірлеуде және діни бірлестіктермен өзара іс-қимыл тетіктерін дамытуда қолдануға мүмкіндік береді. Зерттеу қорытындылары мемлекеттік органдардың, діни бірлестіктердің, қоғамдық ұйымдардың жұмысында, сондай-ақ конфессияаралық келісім мен әлеуметтік тұрақтылықты нығайту бағытында нақты практикалық шешімдер әзірлеуде қолдануға жарамды. Сонымен қатар, диссертация материалы жоғары оқу орындарында «Дінтану», «Салыстырмалы дінтану», «Дін және мемлекет қатынастары» пәндері бойынша оқу-әдістемелік базаға енгізуге және ғылыми-практикалық талқылауларда пайдалануға болатын мазмұндық ақпаратпен қамтамасыз етеді. |
| | | 9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма?<br>**1) толығымен жаңа;**<br>2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);<br>3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем). | Практикалық ұсыныстардың жаңалығы бар деуге болады. Малайзияның мемлекет–конфессиялық қатынастар саласындағы тәжірибесін жүйелі талдау негізінде ұсынылған. Ұсыныстар діни саясатты жетілдіру, конфессияаралық келісімді нығайту, уәкілетті органдар мен діни бірлестіктер арасындағы өзара іс-қимылды оңтайландыру сияқты бағыттарды қамтиды. Бұған қоса, ұсыныстардың практикалық мәні олардың алдын ала талдамалық негізде дайындалуында және нақты қолданылу мүмкіндігінің қарастырылуында. Осылайша, диссертацияда жасалған практикалық ұсыныстар мазмұндық тұрғыдан жаңа, ғылыми |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | негізделген және қолданысқа енгізуге әлеуеті жоғары. |
| 10 | Жазу және ресімдеу сапасы | Академиялық жазу сапасы:<br>1) **жоғары**;<br>2) орташа;<br>3) орташадан төмен;<br>4) төмен. | Ізденуші тараулардың өзара байланысын, жүйелілігі мен бірізділігін сақтай отырып, академиялық жазу сапасының жоғары екенін танытты. |
| 11 | Диссертацияға ескертулер | | Диссертацияның жоғары ғылыми деңгейін және автордың ұсынған қағидаларының маңыздылығын атап өткім келеді. Бұл жұмыстың жаңа ғылыми талқылаулар мен тұжырымдарға жол ашатынын көрсетеді. Осы орайда, пікірталастарға негіз болатын келесі ұсыныстарды атап өтуді жөн деп санаймын:<br>1. Зерттеу жұмысында аздаған орфографиялық қателіктер кездеседі;<br>2. Ұғымдарды бірізді қолдануға кеңес беріледі, дегенмен диссертацияның ұғымдық аппараты талапқа сай дегіміз келеді.<br>Бұл ескертпелер диссертациялық жұмыстың ғылыми маңызына, мазмұндық сипатына нұқсан келтірмейді деп есептеймін. Тек ғылыми еңбек сапасын арттыра түсуге септігін тигізер деген мақсаттағы ұсыныс. |
| 12 | Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу | | Зерттеу нәтижелері бойынша 7 ғылыми мақала жарияланған. Оның ішінде 2 мақала Скопус (Scopus) мәліметтер базасында, 2 мақала – халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияларда, 3 мақала – ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы Бақылау комитеті бекіткен тізімге енетін журналдарда жарияланған. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді) | | Жарияланған мақалалары диссертациялық зерттеудің мазмұнына сәйкес келеді және жоғары ғылыми деңгейде жазылған. Жарияланған мақалаларда зерттеу нәтижелері мен қорытындылары жан-жақты қамтылған. |
| 13 | Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес) | | «6D020600-Дінтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Алдиярова Жанат Есенгелдіқызының «**Малайзиядағы мемлекет – конфессионалдық қатынастарының эволюциясы және оның ерекшеліктері**» тақырыбындағы диссертациялық жұмысының өзекті тақырыбы, айқын мақсат-міндеттері, ғылыми жаңалығы, теориялық және практикалық маңызы дәйекті зерттеу нәтижелерімен ғылыми жұмыс талаптарына сәйкес келеді. Осыны негізге ала отырып, Алдиярова Жанат Есенгелдіқызының «6D020600-Дінтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға әбден лайықты деп санаймын. |

**Ресми рецензент:**

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті Саясаттану және әлеуметтік-философиялық пәндер кафедрасының профессоры

Философия ғылымдарының докторы Д.Ө.Құсайнов